

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап шет елдердегі қандас бауырларымыз да Елбасының салиқалы саясатының арқасында атажүртқа оралып, білімін үштауға мүмкіндік алып отыр. Төрткүл дүниеге тарыдаш шашылған қазақтың ата жүртті аңсап оралуы, қатарымызды молайтып, қабыргамызды толтырығандығы – еңсөлі егемендігіміздің женісі мен жемісі.

Қандастарымыз тілі белек, түрі белек ұлттардың ортасында, басқа мемлекеттерде өмір сүрсе де ез ана тілін, салт-дәстүрін, әдет-түртін сақтауға шама-шарқының келгенінше куресіп, өмір кешкені баршаға аян. Кейір бауырларымыз езі өмір сүрген мемлекеттерден озық білім алып, Қазақстанға оралғаннан кейін сол білімін көдеге жаратып отыруы да еліміз үшін жақсылық емес пе?!

Шетелдегі бауырларымыз бүгінде туған жерге көптеп оралып-ақ жатыр. Еліміз егемендігін алғалы бері қопға алынған ұшан-төніз жұмыстардың ішіндегі бірегейде езге мемлекеттерде өмір сүріп жатқан бауырларымызды тарихи Отанына оралту және сол қандастарымыздың жүйелі білім алып, ортамызға үйлесуі болды десек, артық айтқандық болмас.

ҚАНДАСТАРҒА ҚАМКОРЛЫҚ ҚӨП



M.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті

Қандастарымызға құшағын көң ашып, олардың білімді болуына бар қолайлы жағдайды жасаған біздің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеттінің құрамындағы Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығы да көп жылдан бері қарайтынымсыз жұмыс жасап келеді. Жыл сайын Қытай, Өзбекстан, Монголия, Тәжікстан, Түркіменстан т.б. сияқты елдерден келген тыңдаушылар бір жыл бойы тегін білім алып, мемлекеттің тағайындаған шекіртақсызымен жоғары білім алуға дайындалады.

Әр жыл сайын келген тыңдаушылардың арасында ақын, өнші, биши, күйші секілді өнерпаз жастар да жетерлік. Бір жыл бойы дайындықтан кейін олардың дені еліміздің әр облыстырындағы университеттерге окуға қабылданып жатыр. Осы дайындық орталығынан түлел үшін тыңдаушыларымыздың арасындағы ақындарымыздың жыр жинақтары да жарық көріп, жүрттыхының қызыласына беленіп отыр. Месөлен, қазіргі кезде Қожа Ахмет Яссави атындағы Халықаралық қазак-турік университеттінің 3-курс студенті Арқалық Әмалиятұлы

мен Қайсар Бауыржанұлын айтуға болады.

Дайындық орталығын бітіріп, жоғары оқу орнынан білім алған көптеген бауырларымыздың бұл күнде әртүрлі салада қызмет істеп жүргендегі де көніл қуантар дүние.

Тыңдаушыларға білім алу үшін қажетті жағдайлар толығымен қамтамасыз етілген. Кітапханалар, оқу залдары оларға тегін қызмет көрсетеді. Ғылыми ізденіс үйірмелер, шығармашылық студиялар, спорттық үйірмелер тыңдаушылардың уақыттарын бос еткізбеуі үшін, білімін жетілдіріп, ортаға тәз

бейімделуі үшін зор ықпал етіп келеді. Жатақхана да оқу гимараттарына жақын жерде орналасқан.

Осындай қолайлы жағдайлардың арқасында қандастарымыз езармандарына жетуге талпының жасал келеді. Елге оралған қандастарымызды алға жетелеу, дұрыс бағыт-бағдар беру – біздің басты борышымыз.

**Ә.САХОВА,
Ж.СЫЗДЫҚ,
А.СЕЙТМЕТОВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚМУ-дың ЖОО-ға дейінгі дайындық орталығының аға оқытушылары.**